

«Бекітемін»
КМҚК №55 балабақшасының
директорының м.а. *Г. Жанжолова* Жанжолова Г.

Педагогикалық кеңес *11* «*29*» *тауыс* 2017ж.

**Перспективалық жоспар
Ересектер топтарына арналған**

2017-2018 оқу жылы

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Атырау қ. Ересектер тобы

2017-2018 оқу жылына

Апта		Денсаулық-3 Денешынықтыру-2 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-1	Коммуникация-5 Сөйлетуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Ағылшын тілі-1 Орыс тілі-1 Сауат ашу негіздері-1 Драма-0,5	Таным-2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-5 Сурет салу-1 Музыка-2 Апликация-1 Мүсіндеу-1	Әлеумет-1,5 Экология негіздері-0,25 Қоршаған ортамен таныстыру-0,25 Өзін-өзі тану-1
Қыркүйек «Балабақша және отбасы»						
Апта тақырыбының мақсаты: Балаларға балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейтін мекеме екендігін түсіндіру және балабақшада жұмыс істейтін мамандық иелерінің жұмыстарымен таныстыру. Білім күні қандай мереке, қалай тойлайтыны туралы әңгімелеу.						
I апта	Балабақша. Білім күні.	<p>Дене шынықтыру Дене нұсқаушы жоспары бойынша</p> <p>Дене шынықтыру Дене нұсқаушы жоспары бойынша</p> <p>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері «Дәрігер Салауатпен таныстыр» Денсаулық туралы ғылым-«Валеология» жөнінде түсінік беру. Балаларды «Амансың ба?», «Саумсыз?» - деген сөздердің мағынасы жөнінде білімдерін бекіту. Дәрігер Салауатпен таныстыру</p>	<p style="text-align: center;">Көркем әдебиет А. Шаяхметовтың өлеңі «Білімнің - бұлағың»</p> <p>Балабақшаға, мектепке бара жатқан балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білімнің - бұлағың» өлеңін оқып, сөз мағыналарын түсіндіру. Барлық адамдардың, ақын, да, ғалым да, - бәрі мектеп, балабақшадан білім алатыны туралы айтып беру. Өлең арқылы, білімді болып өсугетәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;">Сөйлетуді дамыту «Мектеп. Оқу құралдары»</p> <p>Мектеп туралы түсінік беру. Оқу құралдарының атын атауға, әңгіме құрастыруға, жолдастарының айтқанын тындап, әрі қарай жалғастыруға үйре- ту.Сөздік қорларын дамыту, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Мектепті құрметтеуге және бағалай білуге тәрбиелеу.</p>	<p style="text-align: center;">Жаратылыстану «Бізді не қоршап тұр?»</p> <p>Балаларға білім күні туралы мағұлмат беру. Күннің, ауаның барлық тіршілік иелері үшін керектігі туралы ұғымдарын арттыру. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;">Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру «Көп. Бір –көп ұғымы»</p> <p>Топ заттадың ішінен бөлек затты тауып, бөлшек заттардан топты құрауды бекіту; бір және көп ұғымы арқылы заттарды санамай атауға, ажырата білуге баулу;ортақ қасиетіне қарай заттарды (түсіне,пішініне,көлеміне)қарай топтастыруға үйре ту; тәулік туралы білімдерін кеңейту; танымдық қызығушылығын тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу «Мектепке арналған сөмке»</p> <p>Балаларды мектеп құралдарын салуға арналған - сөмкемен таныстыру. Сөмке туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, оларды безендіре білуді үйрету. Қылқаламды қатты баспай, бір бағытта тегіс бояуын жетілдіру, эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Музыка -2 рет Жетекші жосп.бойынша</p> <p>Мүсіндеу «Менің сүйікті ойыншығым»</p> <p>Балаларды сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелей білуге, қиялдау арқылы түрлі ойын-шықтарды мүсіндеуге үйрету. Ойыншықтарды мүсіндеу арқылы бала қиялын, ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, өзгелерге көмектесе білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Өзін-өзі тану «Өзін – өзі тану» әлеміне саяхат.</p> <p>Балаларға «Өзін – өзі тану» пәні туралы алғашқы түсінік беру. Өзін – өзі тануға қызығушылықтарын арттыру. Өзін және өзгелерді тануға тәрбиелеу.Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. Ұжымдық қарым – қатынас дағдыларын дамыту. Өзара сыйластыққа баулу. Құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.</p>

I апта	Балабақша. Білім күні.		<p>Ағылшын тілі Ағылшын мұғалім жоспары бойынша</p> <p>Орыс тілі Орыс тілі маманы жоспары бойынша</p> <p>Сауат ашу негіздері «Дыбыс пен әріп» Балаларға дыбыс пен әріп туралы түсінік беру. Дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата алуды, жазу кезінде дұрыс отыруға, дәптер, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Құрастыру «Менің балабақшам» Құрылыс материалдарынан балабақшаны құрастыруды үйрету, балабақшаның басқа ғимараттардан ерекшелігін сезіну, өз ойларынан балабақшаны құрастыруда шығармашылық қабілеттерін дамыту, өз балабақшаларын сүйе білуге, жақсы көруге тәрбиелеу.</p>	<p>Апликация «Мерекелік жалаушалар» Балаларға мерекелік ертенгіліктер жөнінде мағлұмат беру; қағаздарды түр – түсіне қарай іріктеп алу, пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру. Саусақ қозғалысын жетілдіру, қайшымен жұмыс істеу икемділігін арттыру, айналасына қуаныш сыйлай білуге тәрбиелеу.</p>	
--------	------------------------	--	---	--	---	--

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары бойынша

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары бойынша

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары бойынша

Драма
«Театрға саяхат»
М. Өтемісұлы атындағы қазақ драма театрна саяхат жасау арқылы, сахна перделерімен, көрермен залымен таныстыру. Театрда өздерін дұрыс ұстауға үйрету. Алған әсерлерін айта білуге, байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру. Балаларды әдептілікке тәрбиелеу.

Сөйлетуді дамыту
«Менің анам»
Балаларға тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыруды үйрету. Сөйлем барысында тиісті қосымшаларды жалғай білу білігін дамыту. Қойылған сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Ойлау қабілеті мен тілдерін арттыру. Ананы сыйлап, аялай білуге

Сауат ашу негіздері
«Дыбыс пен әріп»
Дыбыс пен әріпті қайталау, қысқа және ұзын таяқшаларды жазу арқылы саусақ ұшы бұлшықеттерін дамыту. Баланы жазу кезінде дұрыс отыруға, қалам мен қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. тәрбиелеу.

Ағылшын тілі
Ағылшын тілі маманы жоспары бойынша

Орыс тілі
Орыс тілі маманы жоспары бойынша

Жаратылыстану
«Жанды және жансыз табиғат»
Жанды және жансыз табиғат, олардың белгілері туралы түсінік беру; жанды және жансыз табиғат нысандарын ажырата білу; жанды табиғатқа адамдар да жататыны туралы әңгімелеу. Пайымдау, дәлелдеу, топта жұмыс істеу дағдыларын арттыру. Табиғатты көзінің қарашығындай сақтауға тәрбиелеу.

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру
«Кеңістікті бағдарлау»
Отбасының суреті бойынша бейнеленген отбасы мүшелерін атау. Балаларды кеңістікті бағдарлауда (алдында, артында, оң жағында, сол жағында) заттардың дәл орнын бақылап, таба білуге, атап айтуға жаттықтыру; геометриялық пішіндерді бекіту, балалардың есте сақтау қабілетін, кеңістікте ойлау қабілетін дамыту.

Сурет салу
«Анамның алжапқышы»
Сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыруды жалғастыру, ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын арттыру, алжапқыштың жиегіне өрнектерді дұрыс орналастыра білуге, түсіне қарай сәндік өң бере білуге жаттықтыру. Ою-өрнектің әдемілігіне мән беру арқылы көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.

Музыка-2 рет
Жетек.жосп.бойынша

Мүсіндеу
«Кесе»
Мүсіндеудің созу, тегістеу, сылу сияқты техникалық әдістерін қолдануға, түстерді қабылдай білуге, ермексазды дұрыс қолдана білуге үйрету. Белсенділігін, шығармашылығын дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Апликация
«Атамның тақиясы»
Қазақтың ұлттық баскиімі тақияны ою-өрнектермен әшекейлей білуді үйрету. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызуғышылықтарын дамыту ою-өрнектер туралы түсініктерін жетілдіру, қайшымен жұмыс істеуде қауіпсіздік техникасын бекіту.

Өзін-өзі тану
«Адам болам десеніз...»
«Адамгершілік», «жақсы адам» ұғымдарының мағынасын түсіндіру. Адамгершілік туралы түсініктерін кеңейту. Бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету. Жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.

Экология негіздері
«Жансыз және жанды табиғат»
Жанды және жансыз табиғат, олардың белгілері туралы түсінік беру; жанды және жансыз табиғат нысандарын ажырата білу; жанды табиғатқа адамдар да жататыны туралы әңгімелеу. Пайымдау, дәлелдеу, топта жұмыс істеу дағдыларын арттыру. Табиғатты көзінің қарашығындай сақтауға тәрбиелеу.

Ш апта	Мен адаммын	<p>Дене шынықтыру Дене нұсқаушы жоспары бойынша</p> <p>Дене шынықтыру Дене нұсқаушы жоспары бойынша</p> <p>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері «Валеология» еліне саяхат Балаларды валеология картасымен таныстыру. Денсаулық туралы ғылым–Валеология ғылымының мағынасын ашып, түсінік беру. Балалардың «Амансың ба?», «Саумысың?», «Сәлематсыз бе?» деген сөздердің мағынасы жөнінде білімдерін тиянақтау.</p>	<p>Көркем әдебиет Л. Толстойдың «Әкесімен балалары» Сурет бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу. Көркем шығарманы тыңдауға деген қызығушылығын арттыру және оның мазмұнын түсіне отырып әңгімені аяқтауға дағдыландыру. Татулыққа, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Сөйлетуді дамыту «Әдептілік әлемі» «Әдептілік әлемі» өлеңін мәнерлеп оқу, мағыналарын түсіндіру. Өлең арқылы балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Әдептілік туралы өз ойларын ашып айта білуге баулу. Әдепті кішіпейіл, мейірімді болуға тәрбиелеу»</p> <p>Сауат ашу негіздері «Сөз. Сөз туралы түсінік «А» дыбысы және әрпі» Балалардың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөздердің ұзындығы – қысқалығын қолмен өлшеп айыра білуге үйрету. «А» дыбысы мен және әрпімен таныстыру, танып – білуге деген қызығушылықтарын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Жаратылыстану «Табиғатта не өзгерді?» Күзгі табиғатты бақылау, кезіндегі қарапайым өзгерістерді атай білуге және отбастарындағы күзге дайындықтар туралы әңгімелеуге үйрету. Байқағыштықты және себеп – салдарлық байланыстарды анықтай білуді дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу</p> <p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру «Заттардың қасиеті» Балаларды заттардың түрлі қасиеттерін тауып, заттарды әртүрлі белгілері бойынша топтастыруға үйрету; кеңістік қатынастарын анықтауға үйретуді жалғастыру; заттарды көлеміне, ұзындығына қарай салыстыруды, өсу және кему реттілігіне қарай орналастыруға үйретуді жалғастыру; танымдық қызығушылығын тәрбиелеу</p>	<p>Сурет салу «Сәлеметсіз бе, бұл мен» Балаларға адамның дене құрылысы туралы түсінікті бекіту. Адамның дене мүшелерімен, атқаратын қызметімен таныстыру, дене бітімдерін қағаз бетіне айнытпай сала білу, байқағыштыққа тәрбиелеу.</p> <p>Музыка-2 Жетек.жоспр.бойынша</p> <p>Мүсіндеу «Биші Әйгерім» Ойыншықтардың әр түрін мүсіндеуге, жеке жұмыстарды қосып мүсіндеуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін, көркемдік талғамдарын арттыру, саусақ қимылдарын дамыту. Ұқыптылыққа, тиянақтылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу</p>	<p>Өзін-өзі тану «Мен қандай баламын?» Әрбір баланың жеке тұлға екендігін түсіндіру. Қыз бала мен ұл баланың ерекшеліктері туралы түсінік беру. Өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру.</p>
--------	-------------	---	---	--	--	---

Ш апта	Мен адаммын		<p>Ағылшын тілі Ағылшын тілі маманы жоспары бойынша</p> <p>Орыс тілі Орыс тілі маманы жоспары бойынша</p>	<p>Құрастыру «Менің үйім» Құрылыс материалдарынан өз үйін құрастыру, ойлануға, өздігінен шығармашылықпен әрекет етуге баулу, құрастыру дағдыларын қалыптастыру, өз үй-іші, отбасына деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.</p>	<p>Апликация «Әжемнің орамалы» Отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Әжелеріне арналған орамалды безендіріп жапсыруға үйрету. Ұлттық ою – өрнек элементтерін бекіту, балаларға шаршы пішіндерде өрнекті дұрыс орналастыруды үйрету. Үлкендерді құрметтеп, қадірлеуге тәрбиелеу.</p>	
--------	-------------	--	---	---	--	--

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары
бойынша

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары
бойынша

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары
бойынша

Драма
«Театрлардың түрлері»
Балаларға ертегілердің түрлерімен (қуыршақ, саусақ, үстел үсті, көлеңке, т.б) таныстыру. Ертегілерді тыңдай білуге үйрету. Ертегіге деген қызығушы-лықтарын арттыру. Қиялын дамыту, сөз белсенділігін арттыру.

Сөйлетуді дамыту
«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»
Балалардың Табиғат бұрышы туралы білімдерін кеңейту. Берілген тақырыпқа байланысты сөйлем құрауға үйрету. Қасындағы жолдастарының жауаптарын толықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру. Табиғатты бағалай білуге тәрбиелеу.

Сауат ашу негіздері
«Сөз. Сөз туралы түсінік қалыптастыру»
Балаларға сөздердің ұзын және қысқа сөз екенін түсіндіру. «А» дыбысын сөз арасынан тапқызу арқылы ойлау қабілетін дамыту. Ананы сыйлауға тәрбиелеу

Ағылшын тілі
Ағылшын маманы жоспары
бойынша

Орыс тілі
Орыс тілі маманы жоспары
бойынша

Жаратылыстану
«Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесің бе?»
Табиғат бұрышындағы жануарлар (балықтар, құстар, кірпі, тасбақа), өсімдіктер туралы түсінік беру. Жануарлар мен өсімдіктердің келтіретін пайдасы және оларды қорғау жөніндегі білімдерін кеңейту.

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру
«Геометриялық фигуралар (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш)»
Балаларды геометриялық фигуралармен таныстыру, оларды ажыратуды үйрету; кеңістікте бағдарлау қабілетін қалыптастыру; көлеміне қарай ажыратуға; шыдамдылыққа, берілген үлгілерді аяқтап орындауға үйрету.

Сурет салу
«Бөлме гүлі»
Балаларға бөлмеде өсірілетін гүлдер жайлы түсініктерін кеңейту. Бөлме гүлін салуға үйрету. Сурет салу арқылы саусақтарды әртүрлі ұсақ қимылдарын жетілдіру, бөлме гүлдерін күтіп-баптауға тәрбиелеу.

Музыка – 2
Жетк.жосп.бойынша

Мүсіндеу
«Қоян көжектерімен»
Балаларды қоянның тыныс-тіршілігімен таныстыру, қоянның үй жануарына жататынын түсіндіру. Ұсақ қол қимылдарын жетілдіру, баланың ойлау қабілетін, тілін дамыту, сөздік қорын молайту. Ұйымшылдыққа, тазалыққа, жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Апликация
«Құмырадағы гүл»
Қағазды бірнеше бүктеу арқылы қию әдісіне жаттықтыру. Затқа қарап жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Қол бұлшықеттерін дамыту, сұлулықты сезіне білуге әсемдікті тәрбиелеу

Өзін-өзі тану
«Мен қамқор баламын»
«Қамқорлық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу.
Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру. Қамқорлық жасай білу дағдыларын дамыту. Қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

Қоршаған ортамен танысу
«Табиғаттағы қауіпсіздік ережесі»
Табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Табиғат аясында өзін-өзі ұстау мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру. Ережені сақтаудың маңыздылығын түсіндіру.

Апта	Қазан айы	Денсаулық-3 Денешынықтыру-2 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-1	Коммуникация-5 Сөйлетуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Ағылшын тілі-1 Орыс тілі-1 Сауат ашу негіздері-1 Драма-0,5	Таным-2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-5 Сурет салу-1 Музыка-2 Апликация-1 Мүсіндеу-1	Әлеумет-1,5 Экология негіздері-0,25 Қоршаған ортамен таныстыру-0,25 Өзін-өзі тану-1
I апта	Гүлдер әлемі (бөлме өсімдіктер, дала, бақша, дәрілік шөптер)	<p>Дене шынықтыру Дене нұсқаушы жоспары бойынша</p> <p>Дене шынықтыру Дене нұсқаушы жоспары бойынша</p> <p>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері «Дәрілік шөптер» Балаларға дәрілік шөптер жайында түсініктер беру. Дәрілік шөптердің емдік қасиеттері туралы білім беру. Шөп тұнбасын қалай дайындайтынын көрсету.</p>	<p>Көркем әдебиет «Бір уыс мақта» Ы. Алтынсариннің әңгімесін оқу Балаларға оқылған шығарманы жанры бойынша айыра білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілет терін дамыту, тілдерін жетілдіру. Балаларды мейірімділікке, кішіпейіл-ділікке тәрбиелеу.</p> <p>Сөйлетуді дамыту «Қорыққанға қос көрінеді» ертегі Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету. «Г», «к» дыбыстарымен таныстыру, балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту. Баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Сауат ашу негіздері «Сөз. Дауысты және дауыссыз дыбыстар» Балаларға сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты және дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде түсінік беру. «Т» дыбысымен және әрпімен таныстыру. Ойлау қабілетін дамыту.</p>	<p>Жаратылыстану «Жасыл дәріхана» Жасыл дәріхана және оның қажеттігі жөнінде түсінік беру. Емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстыру, оларды қажетті мөлшерде ғана жинап, өзге өсімдіктерге зиян келтірмеу жағын ескертуге үйрету.</p> <p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру «Геометриялық Фигуралар» (төртбұрыш, тіктөртбұрыш, сопақша) Балаларға геометриялық фигуралар туралы (шаршы, тіктөртбұрыш) туралы түсінік беру, заттардың пішінін анықтап, оларды пішінін басқа заттармен салыстыруды үйрету, заттарды түсіне, пішіні мен көлеміне қарай ажырата білу қабілетін қалыптастыру, кеңістіктік ойлау қабілетін дамыту, заттарды ұқыпты ұстауға, орнына қоюға, жинақылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу «Алма ағашы гүлдеді» Қоршаған орта туралы білімдерін жетілдіру, балалардың іс әрекет белсенділігін арттыру. Табиғатқа деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арт-тыру, байқампаздықтарын дамыту. Бір бірімен қарым қатынас барысында ізгілікке, сыпайылыққа, жағымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға тәрбиелеу.</p> <p>Музыка-2 рет Жетек.жосп.бойынша</p> <p>Мүсіндеу «Әдемі гүл» Балаларға гүлдің бейнесін мүсіндей білуге үйрету. Күз мезгілі туралы білімдерін бекіту. Саусақ бұлшық еттерін, сөздік қорын, тілін дамыту. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Өзін-өзі тану «Қонақ келсе-қуаныш» «Қонақжайлылық» ұғымы туралы түсінік беру. Қонақ, қонақжайлылық туралы түсінік беру. Жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Әдептілікке тәрбиелеу.</p>

I апта	Гүлдер әлемі (бөлме өсімдіктер, дала, бақша, дәрілік шөптер)		<p align="center">Ағылшын тілі Ағылшын маманы жоспары бойынша</p> <p align="center">Орыс тілі Орыс тілі маманы жоспары бойынша</p>	<p align="center">Құрастыру «Алтын дән»</p> <p>Балаларды «дәнді дақылдарды» пайдаланып жұмыс жасауға үйрету, өз ойларынан және педагогтің әңгімесіне сәйкес белгілі мазмұн бере отырып ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.</p>	<p align="center">Апликация «Күнбағыс»</p> <p>Балаларға өсімдіктер және олардың пайдасы туралы түсінік беру. Білімдерін жүйелі түрде көрсете алуға баулу. Қиялын дамытып қабілеттерін шыңдау. Қию іскерліктерін арттыру. Тапсырма орындауда төзімділікке тәрбиелеу. Өз ойын еркін айтуға жетелеу.</p>	
--------	---	--	--	--	--	--

<p>II апта</p>	<p>Орманда не өседі? (саңырауқұлақтар, жидектер)</p>	<p>Дене шынықтыру Дене нұсқаушы жоспары бойынша</p> <p>Дене шынықтыру Дене нұсқаушы жоспары бойынша</p> <p>Дене шынықтыру Дене нұсқаушы жоспары бойынша</p>	<p>Драма <i>«Алдар Көсе мен Шықбермес Шығайбай» қазақ ертегісі</i></p> <p>Балаларға ертегілер туралы көркем мағлұмат бере отырып диалогты сөйлеуін, әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру. Адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Сөйлетуді дамыту <i>«Күзгі жапырақтар»</i></p> <p>Балаларға ағаштар және олардың пайдасы туралы жан – жақты мәлімет беру. Қай жапырақ қай ағаштан түсті. Жапырақты айыра, атай білуге үйрету. Белсенділік дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қорларын молайту. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Сауат ашу негіздері <i>«Сөздер мен дыбыстар»</i></p> <p>Өтілген тақырып сөздер мен дыбыстарды қайталау. «Г» дыбысы жайлы білетіндерін сұрау, ойлау қабілетін дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу</p> <p>Ағылшын тілі Ағылшын тілі маманы жоспары бойынша</p> <p>Орыс тілі Орыс тілі маманы жоспары бойынша</p>	<p>Жаратылыстану <i>«Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?»</i></p> <p>Саңырауқұлақтардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтарды атай, айыра білуге үйрету. Улы саңырауқұлақтардың адам өміріне қауіпті екенін түсіндіріп айту. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру <i>«1 саны мен цифры»</i></p> <p>1 саны және цифрымен таныстыру; бір затты анықтай алуға үйрету; заттардың белгілерін тауып; оларды сол белгілеріне қарай жіктеу қабілетін қалыптастыруды жалғастыру; балалардың сөйлеу қабілеті мен зейінін; саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу <i>«Үлкен және кішкене саңырауқұлақтар»</i></p> <p>Балаларды прапорцияларын сипаттық ерекшеліктерін бере отырып, саңырау-құлақтар салуды үйрету. Көзбен шамалауды дамыту, бейнелеу дағдыларын нығайту ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Музыка -2 Жетек жосп. бойынша</p> <p>Мүсіндеу <i>«Саңырауқұлақтар»</i></p> <p>Түс ерекшелігін ажырата отырып бірнеше саңырау-құлақты мүсіндеу арқылы мазмұнды мүсіндей білуге үйрету. Үңгу, жалпақтау әдістерін меңгерту. Балалардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа, ұйымшылдылыққа, тәрбиелеу.</p> <p>Апликация <i>«Саңырауқұлақтар»</i></p> <p>Балалардың геометриялық пішіндерді: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, сопақша, қио әдістерін меңгеру дәрежесін арттыру. Кеңістікте орналастыра білуге үйрету, баланың ой қиялын дамыту, қол саусақ қимылдарын жетілдіру. Табиғат әсемдігін көре білуге тәрбиелеу</p>	<p>Өзін-өзі тану <i>«Табиғат - Ана»</i></p> <p>Табиғат құндылығының маңыздылығы туралы түсінік беру. Табиғат пен адамдар арасындағы байланысты түсіндіру. Табиғатқа деген танымдық қызығушылықтарын дамыту. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Экология негіздері <i>«Саңырауқұлақтар»</i></p> <p>Саңырауқұлақтардың түрімен таныстыруды жалғастыру. Улы саңырауқұлақтардың адам өміріне қауіпті екендігі туралы айтып, оларды жеуге жарамды саңырауқұлақтардан айыра білуге үйрету. Табиғатта қарапайым қауіпсіздік мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p>
----------------	--	---	---	---	--	---

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары бойынша

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары бойынша

Қауіпсіз мінез-құлық негіздері
*«Жер-біздің ортақ үйіміз.
Табиғатпен достасайық»*

Балаларға флора және фауна туралы мәлімет беру. Өсімдік пен жануарлар дүниесіне деген жауапкершілік және ұқыптылық қарым-қатынасты қалыптастыру

Көркем әдебиет
*«Жемістер жырғы»
өлеңді жаттау*

Өлең мазмұнын ашу. Өлең ырғағын келтіре отырып, тіл ерекшелігін, көркем сөздерін түсіну, әр шумағын қайталау барысында олау қабілетін дамыту. Жемістердің ағаштарда өсетінін айтып, оның құрамындағы дәрумендердің адамағзасына пайдасы туралы түсініктерін кеңейту

Сөйлетуді дамыту
*«Біз де ойнаймыз» ертегісі
М.Төрежанов*

Ертегі мазмұнын айтуға үйрету. Балаларға берілген дыбысқа сөз ойлату, ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту. Туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу.

Сауат ашу негіздері
««Н» дыбысымен және әрпі»

Балаларға «Н» дыбысын дұрыс дыбыстату. «Н» әрпімен таныстыру. Буындарды оқу дағдысын дамыту. Балаларды мейірімділікке, имандылыққа тәрбиелеу.

Ағылшын тілі
Ағылшын маманы жоспары бойынша
Орыс тілі
Орыс тілі маманы жоспары

Жаратылыстану
«Шырша және балқарағай»

Балалардың шырша туралы түсінік терін бекіту. Балқарағай мен таныс тыра отырып, оның шыршадан, бас қа ағаштардан айырмашылығын бай қап, сипаттап бере білуге үйрету. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру

«2 саны мен цифры»

Заттар жұбы туралы түсінік беру; заттарды жұптасты-рып, оларға сипаттама беруді үйрету; жұп заттың санын білдіретін 2 цифрмен таныстыру; 2 цифрын жазуды үйрету; апта күндерін реттілігімен айтуды; цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; кеңістік ұғымын қалыптастыру; геометриялық пішіндер туралы өткенді пысықтау; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрастыру
«Орманға саяхат»

Сіріңке шырпылары алуан түрлі бейнелерді құрастыру арқылы балалардың ой-қиялын дамыту, өздігінен дербес әрекет етуге баулу, есте сақтау арқылы түрлі бейнелер жасай білуге дағдыландыру. Саусақ, қол бұлшықеттерін дамыту, бірлесіп еңбек ете білуге тәрбиелеу.

Сурет салу
«Грейг қызғалдағы»

Қызғалдақ гүлшоғын салуды үйрету. Түс бойынша және композициялық тұрғыда қабылдауды үйрету. Өсім-діктер туралы білімдерін арттыру. Сурет салуға ынталы болуға, өсімдіктер туралы түсініктерін жетілдіру, туған өлкенің табиғатын аялауға тәрбиелеу.

Музыка -2 рет
Жет.жосп.бойынша

Мүсіндеу
«Жемістер»

Пішінді мүсіндеудің басу, қысу, жалпақтау әдістерін пайдалана отырып, балаларды әртүрлі пішінді заттарды мүсіндеуге үйрету.

Апликация
«Күзгі жапырақтар»

Табиғат құбылыстары туралы түсінігін кеңейту, қағазды бүктеп қию дағдыларын жетілдіру. Заттарды дұрыс орналастыруға үйрету; көркем сөйлеу тілін дамыту; табиғатты сүйеге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу

Өзін-өзі тану

«Табиғат және адам»

Табиғат пен адамның үйлесімділігі туралы түсініктерін бекіту. Табиғат пен адамның үйлесімділігі туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатқа деген қамқор қарым – қатынас дағдысын дамыту. Тазалыққа, ізгілікке тәрбиелеу.

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары бойынша

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары бойынша

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары бойынша

Драма
«Маша мен аю»

Балалардың ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру. Оның мазмұнын, мағынасын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету. Ойын қиялымен ұштастыруға, кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге дағдыландыру. Балаларды адамкершілік қасиетіне тәрбиелеу.

Сөйлетуді дамыту

«Күз»
«Күз» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыруға үйрету. Күз белгілері жайлы әңгімелесу, сөйлеу тілі қандай болатынын түсіндіру, балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту. Балаларды еңбек етуге тәрбиелеу.

Ағылшын тілі
Ағылшын тілі маманы жоспары бойынша

Орыс тілі
Орыс тілі маманы жоспары бойынша

Сауат ашу негіздері
««Н» дыбысымен және әрпі»

Балаларға «Н» дыбысының дұрыс дыбысталуын, әрп таңбасын қайталау. Ойын арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Жаратылыстану
«Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?»

Балаларды ағаштың түрімен таныстыруды жалғатыру. Күзде неліктен жапырақтар түсетінін түсіндіру. Күзде жапырақтары түсетін және қыс бойы жасыл болып тұратын ағаштармен таныстыру. Табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру

«3 саны мен цифры»
3 саны және цифрымен таныстыру, цифр мен заттың санын сәйкестендіре білуге үйрету; заттарды санауға машықтандыру; 3 цифрын тану және бейнелеуге үйрету; тәулік туралы білімдерін кеңейту; кеңістік ұғымын қалыптастыру; геометриялық пішіндер туралы өткенді пысықтау; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Сурет салу
«Күзгі орман көрінісі»

Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. Қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру. Ұқыпты жұмыс істеуге, тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Музыка -2 рет
Жет.жоспар.бойынша

Мүсіндеу

«Күзгі жапырақтар»
Балаларға күз туралы түсінік беру, күз айларын атауын меңгерту, мүсіндеу-дің жалпақтау, бедерлеу, шымшу дағдыларын қалыптастыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, арнайы құралдармен жұмыс істеуге үйрету.Еңбекке деген ынтасын арттыру, ұйымшылдылыққа тәрбиелеу.

Апликация
«Дастарқан»

Қазақтың дастарқаны, оның молшылығы туралы балалардың түсініктерін жетілдіру. Ою – өрнектерді киноға үйретуді одан әрі жалғастыру. Әдемі дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру.

Өзін-өзі тану
«Сәлемдесе білемін»

Балаларға сәлемдесу, амандасу туралы түсінік беру. Балаларды сәлемдесуге үйрету. Балалар бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Әдептілікке тәрбиелеу.

Қоршаған ортамен танысу
«Нан қайдан келеді?»

Диқаншылардың еңбегі туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Жердің үнемі қамқорлықты қажет ететінін әңгімелеу. Өсімдікке өсіп-өну үшін ауа, су, жарық жылу қажеттігін түсіндіру арқылы зейіндерін дамыту. Диқан еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Апта	Қараша айы	<p align="center">Денсаулық-3 Денешынықтыру-2 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-1</p>	<p align="center">Коммуникация-5 Сөйлетуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Ағылшын тілі-1 Орыс тілі-1 Сауат ашу негіздері-1 Драма-0,5</p>	<p align="center">Таным-2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1</p>	<p align="center">Шығармашылық-5 Сурет салу-1 Музыка-2 Апликация-1 Мүсіндеу-1</p>	<p align="center">Әлеумет-1,5 Экология негіздері-0,25 Қоршаған ортамен таныстыру-0,25 Өзін-өзі тану-1</p>
I апта	Құстар біздің досымыз. Қыстайтын, жыл құстары	<p>Дене шынықтыру Дене нұсқаушы жоспары бойынша</p> <p>Дене шынықтыру Дене нұсқаушы жоспары бойынша</p> <p align="center"><i>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері</i> <i>«Мен көшедемін»</i></p> <p>Балаларға жолда жүру ережелері туралы мағлұмат беру. Көшеде өзін қалай ұстау, құстар мен жануарларды қорғау туралы түсіндіру. Осы алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызығушылығын туғызу</p>	<p align="center"><i>Көркем әдебиет</i> <i>«Көкек» ертегі</i></p> <p>Ертегіні оқып жеткізу арқылы ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көруге, іс-әрекеттерін сезінуге, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу.</p> <p align="center"><i>Сөйлетуді дамыту</i> <i>«Ж», «ш» дыбыстары.</i> <i>Су торғайы»</i> <i>М.Зверев</i></p> <p>Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету. Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту. Құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу.</p>	<p align="center"><i>Жаратылыстану</i> <i>«Оңтүстікке қандай құстар ұшып кетеді?»</i></p> <p>Құстар тіршілігі, табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Ұшып кететін құстарды атымен атай және тани білуге үйрету. Құстарға қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p align="center"><i>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру</i> <i>«Ауыр-жеңіл»</i></p> <p>Заттарды өлшеу туралы түсінік. Салмақтың көлемге тәуелділігі Заттың салмағы және оны өлшеу туралы түсінік қалыптастыру; заттарды «ауыр-жеңіл» сөздерін пайдалана отырып салыстыруды үйрету; заттарды қолмен салыс-тырып, олардың салмағын көлеміне қарай анықтауды үйрету; заттың кеңістіктегі орнын сипаттау қабілетін дамыту бағытындағы жұмысы жалғастыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p align="center"><i>Сурет салу</i> <i>«Біз құстарға жем береміз»</i></p> <p>Құстардың атауын бекіту. Бояудың сипаттық ерекшеліктерін бере отырып, торғайды салуға үйрету. Құстардың бейне-сін қағаз бетіне түсіре білу біліктілігін машықтандыру. Қанаттыларға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p align="center"><i>Музыка -2 рет</i> <i>Жет.жосп.бойынша</i></p>	<p align="center"><i>Өзін-өзі тану</i> <i>«Құстың ұясы»</i> <i>Б.Алтынсарин әңгіме</i></p> <p>Балаларға әңгімені оқып, мағынасын түсіндіру. «Қамқорлық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу. Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру. Қамқорлық жасай білу дағдыларын дамыту. Қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.</p>

I апта	Құстар біздің досымыз. Қыстайтын, жыл құстары.		<p align="center"><i>Ағылшын тілі</i></p> <p>Ағылшын тілі маманы жопары бойынша</p> <p align="center">Орыс тілі</p> <p>Орыс тілі маманы жоспары бойынша</p> <p align="center"><i>Сауат ашу негіздері</i></p> <p align="center"><i>««F» дыбысымен және әрпі»</i></p> <p>Балаларға «F» дыбысымен оның әріп таңбасымен таныстыру. Дидактикалық құралдарды пайдаланып балалардың ойлау қабілетін, қиялын дамыту. Тапқырлыққа, ойының ұшқыр болуына тәрбиелеу.</p>	<p align="center"><i>Құрастыру</i></p> <p align="center"><i>«Аққу»</i></p> <p>Балаларды жаңа табиғи материал түрі, ұлу қауашықтарымен таныстыру. Олардың ерекшелігі мен пішіні, көлемі, түсімен және онымен жұмыс жасауға үйрету. Эстетикалық талғамын дамыту. Ұқыпты жұмыс жасай білуін қалыптастыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p align="center"><i>Мүсіндеу</i></p> <p align="center"><i>«Дән шоқыған құс»</i></p> <p>Балаларға құстардың тіршілігі туралы түсінік беру және мүсіндеуге үйрету. Ойлау қабілеттерін, шығармашылығын, ұсақ қол кимылдарын дамыту. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p align="center"><i>Апликация</i></p> <p align="center"><i>«Қайыңдағы құстың ұясы»</i></p> <p>Балалардың құстар және олардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. Құстың ұясын және оның жеке бөліктерін қияп, жапсыруды меңгеру, қию тәсілдерін жетілдіру. Шығармашылық-қа қабілеттерін арттыру. Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>	
--------	--	--	--	---	--	--

II апта	Үй жануарлары. Өсу жолдары, тіршілік мекені, пайдасы мен күтімі.	<p>Дене шынықтыру Дене нұсқаушы жоспары бойынша</p> <p>Дене шынықтыру Дене нұсқаушы жоспары бойынша</p> <p>Дене шынықтыру Дене нұсқаушы жоспары бойынша</p>	<p>Драма <i>«Жыл басына таласқан хайуанаттар»</i></p> <p>Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру. Ертегіні тыңдай білуге және жануарлардың дауыстарын айнытпай салуға үйрету. Балаларды бірлікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Сөйлетуді дамыту <i>«Күшік пен мысық» ертегісі Буындарға бөлу»</i></p> <p>Ертегінің мазмұнын айтуға, дыбыстық талдау жасауға үйрету. Ауызекі сөйлеулерін дамыту. Сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. Балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу.</p> <p>Сауат ашу негіздері <i>«F» дыбысымен және әрпі»</i></p> <p>Балаларға «F» дыбысымен оның әріп таңбасын қайталау. Балалардың тілдік қорын дамыту. Тапқырлыққа, ұйымшылдылыққа тәрбиелеу</p> <p>Ағылшын тілі Ағылшын тілі маманы жоспары бойынша</p> <p>Орыс тілі Орыс тілі маманы жоспары бойынша</p>	<p>Жаратылыстану <i>«Үй жануарларының қандай пайдасы бар?»</i></p> <p>Балалардың үйжануар-лары туралы түсініктерін кеңейту. Олардың тіршілік әрекеті туралы ұғымдарын кеңейту. Үй жануарлардың тіршілігі адамның қамқорлығына, күтіміне зәру екендігі туралы ұғымды қалыптастыру. Үй жануарларына қамқор-лықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру</p> <p><i>«4 саны және цифры»</i></p> <p>4 саны және цифрымен таныстыру; цифр мен заттың санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санауға машықтандыру; 4 цифын тануды және дұрыс суреттеуді үйрету; баланың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу <i>«Мысық»</i></p> <p>Балаларды үй жануары мысықпен таныстыру, олардың дене құрылысын қағаз бетіне бейнелей білуге үйрету. Сурет салу барысында ойлауын, қиялын дамыту. Жан – жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.</p> <p>Музыка -2 рет Жет.жосп.бойынша</p> <p>Мүсіндеу <i>«Түйе жайылып жүр»</i></p> <p>Әдемі түйенің мүсінін ермексаздан мүсіндеуге үйрету. Есу, шымшып созу, домалақтау әдістерін меңгеру, түстерді дәл таңдай білу арқылы ұсақ қол қимылдарын дамыту. Үй жануарларына күтім жасауға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Апликация <i>«Мысық»</i></p> <p>Мысықты жапсыру барысында төзімділікпен ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. Өңгіме барысында танымдық белсенілігін арттыру, ойлауын қиялын дамыту. Жан жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Өзін-өзі тану <i>«Менің үйдегі достарым»</i></p> <p>«Қамқорлық» ұғымдарының маңызын түсіндіру. Үй жануарларына қамқорлық көрсету туралы түсінік беру. Үй жануарларымен жағымды қарым – қатынас дағдыларын дамыту. Жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Экология негіздері <i>«Үй жануарлары»</i></p> <p>Үй жануарларының адамдарға келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Үй жануарларын айыра, атай білуге үйрету. Оларға деген қамқорлық сезімдерін ояту және жағдай жасауға үйрету.</p>

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары бойынша

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары бойынша

Қауіпсіз мінез-құлық негіздері

«Күн, ауа және су – біздің жақсы достарымыз»
Жер бетіндегі тіршілік атаулының негізгі қайнар көзі – күн, ауа және су екені туралы түсінік беру. Олардың айналага тигізер пайдасы туралы түсіндіріп, мағлұматтар беру. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу

Көркем әдебиет
«Арыстан мен тышқан»
ертегі

Балаларға ертегіні оқып беріп таныстыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Ертегінің мазмұнын, басты кейіпкерлердің мінез-құлқына баға беріп отырып, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Өз түсініктерін кейіпкерлендіру арқылы көрсете білуге дағдыландыру. Бір-біріне қамқор болуға, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.

Сөйлетуді дамыту
«Н», «ң» дыбыстары.
«Асфальттағы суреттер»
М.Әлімбаев

Өлең мазмұнын түсіндіру, жаттату, құрамында «н», «ң» дыбыстары бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуге, «н», «ң» дыбыстары жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету. Балалардың сөйлеу тілдерін дамыту. Табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу.

Сауат ашу негіздері
«Р» дыбысымен және әрпі»
Балаларға «Р» дыбысы және әрпімен таныстыру. Буындарды дұрыс оқуға үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасау. Сөйлем туралы түсінік беру. Сөйлем құрап айтуға жаттықтыру. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Ағылшын тілі
Ағылшын тілі маманы жоспары бойынша

Орыс тілі
Орыс тілі маманы жоспары бойынша

Жаратылыстану
«Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?»

Ормандағы аңдардың күзгі тіршілігі, олардың күзгі табиғатқа бейімделуі туралы түсінік беру. Балаларды аңдарды сипаттауға, салаыстыра білуге жаттықтыру. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру

«Уақыт. Уақытты бағдарлау»
Балаларды уақытты бағдарлау; апта күндері туралы түсініктерін нақтылау; 4 саны көлемінде санау қабілетін ұштау; 1,2,3,4,5 заттың жиынтығын анықтау және оларды цифрмен өрнектеу; кеңістіктік ойлау қабілетін дамыту, заттарды ұқыпты ұстауға, орнына қоюға, жинақылыққа тәрбиелеу.

Құрастыру
«Жануарлар әлемі»

Киндер қорапшасынан аңдардың бейнесін құрас-тыра білуге үйрету, өз ойларынан шығармашы-лықпен безендіруге және ертегі құрастырып айтып беруге бағыт беру. Аңдарға қамқорлық жасау сезімдерін тәрбиелеу.

Сурет салу
«Қоян
(Кім қалай қыстап шығады?)»

Жабайы аңдар атауын бекіту. Жабайы және үй жануарларының атауын бекіту. Қоянның суретін салуды үйрету. Көзбен мөлшерлеуді дамыту. Бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын, жануарларды сүюге және олардың тіршілігін зертеуге қызығушылыққа тәрбиелеу.

Музыка -2 рет
Жет.жосп.бойынша

Мүсіндеу
«Бұзы»
Дымков ойыншығын жасауға, сәндік заттарды мүсіндей білуге үйрету. Мүсіндей іскерліктерін, қол, саусақ маторикасын дамыту. Ойлау қабілеттерін, қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық сезімдерін қалыптастыру, өнерді бағалай білуге тәрбиелеу.

Апликация
«Тауыс»
Балаларды бірнеше бөліктерден тұтас бейне құрастырып құрастырып жапсыруға үйрету. Түстерді үйлесімді қолдана білуін жетілдіру. Қол саусақ қимылдарын дамыту, өз жұмыстарын бағалай білуге шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Өзін-өзі тану
«Арыстан мен тышқан»
В.Осеева ертегі

Балаларға «Көмек, көмектесу» адамгершілік ұғымдарының мәнін ашу. Көмек, көмектесу ұғымдары туралы түсінік беру. Бір – біріне көмектесе білу дағдыларын қалыптастыру. Бір – біріне көмектесе білуге тәрбиелеу.

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары
бойынша

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары
бойынша

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары
бойынша

Драма
«Жыл басына таласқан хайуанаттар» сахналау.

Мерекеге байланысты көңіл күй туғызу. Ролдер ге ойнау арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту. Балалардың әртістік қабілеттерін арттыру. Кейіпкерлер бейнесін көркем сомдауға ұмтылыстарын арттыру. Ертегіні сүйе білуге тәрбиелеу.

Сөйлетуді дамыту
«Суасты патшалығына саяхат» суретпен жұмыс

Балаларғасурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Су аты әлеміне деген қызығушылықта рын арттыру. Танымдық ынта – ықыластарын дамыту. Су асты әлемінің тіршілік сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Сауат ашу негіздері
««Р» дыбысымен және әрпі»

Балаларға «Р» дыбысы және әрпін қайталау. Буындарды дұрыс оқуға үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасау. Сөйлем туралы түсінік беру. Сөйлем құрауды әрі қарай дамыту. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Ағылшын тілі
Ағылшын тілі маманы
жоспары бойынша

Орыс тілі
Орыс тілі маманы жоспары
бойынша

Жаратылыстану
«Суқойма мекендеушілерін білесің бе?»

Су қоймасының тіршілігі балықтармен таныстыру. Балықтардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылығын көре білуге, тіршілігі, басқа балықтар-дан айырмашылықтарын айта білуге үйрету.

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру
«5 саны және цифры»

5 саны және цифрымен таныстыру. Екі топтағы заттарды салыстырып, 5 санын анықтау, жасалу жолдарын түсіндіру; тура және кері санау дағдыларын жетілдіру, көрші сандар ұғымын қалыптастыру; балалардың зейіні мен логикалық ойлау қабілетін дамыту.

Сурет салу
«Ұлу»

Су асты мекендеушілері туралы білімдерін жетілдіру. Ұлудың суретін салудағы ептілікпен дағдыларын дамыту, ұлу әрекетімен таныстыра отырып шыдамдылыққа, қарапайымдылыққа тәрбиелеу.

Музыка -2 рет
Жете.жоср.бойынша

Мүсіндеу

«Балықтар жүзіп жүр»

Балаларға балық туралы мағұлмат беру. Ермексаз кесектерінен үзу, шымшу, созу тәсілдерін қолдана отырып балықты мүсіндей білуге үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Апликация
«Аквариум»

Балық бейнелеуді үйрету. Шаблонды пайдалану ептілігін бекіту. Нысанның сипаттық ерекшеліктерін беру үшін апликациялар-ды орындауда, түрлі техниканы пайдалану дағдаларын дамыту. Көзбен мөлшерлеуді қолдың ұсақ бұлшық еттерін, түстік қабылдауды дамытуға ықпал ету. Шыдамдылыққа және байқағыштыққа тәрбиелеу.

Өзін-өзі тану

«Мен осындай баламын»
Жақсы қасиеттер туралы қарапайым үсінік беру. Адамның жақсы қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. Бойларындағы жақсы қасиеттерін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.

Қоршаған ортамен танысу
«Жасыл құрбақа»

Жасыл құрбақаны танып, айтып беруге үйрету. Құрбақаның қозғалу тәсілдері, мекендейтін ортасы, қорегі туралы ұғым беру. Қосмекенділер туралы түсінігін кеңейту. Құрбақаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Апта	Желтоқсан айы	<p align="center">Денсаулық-3 Денешынықтыру-2 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-1</p>	<p align="center">Коммуникация-5 Сөйлетуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Ағылшын тілі-1 Орыс тілі-1 Сауат ашу негіздері-1 Драма-0,5</p>	<p align="center">Таным-2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру -1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1</p>	<p align="center">Шығармашылық-5 Сурет салу-1 Музыка-2 Апликация-1 Мүсіндеу-1</p>	<p align="center">Әлеумет-1,5 Экология негіздері-0,25 Қоршаған ортамен таныстыру-0,25 Өзін-өзі тану-1</p>
------	---------------	---	--	--	--	--

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары бойынша

Дене шынықтыру
Дене нұсқаушы жоспары бойынша

